



2017 жылғы «02» түрінен

«\_\_\_» 20\_\_ года

## Аудиторлық есеп

Шымкент қаласы

№ 2 дана

**Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** Оңтүстік Қазақстан облыс  
денсаулық сақтау басқармасының №1 облыстық перинаталдық орталық  
мемлекеттік коммуналдық қызметтердің көсіпорын. Оңтүстік Қазақстан облыс  
Әділет департаментінің Шымкент қаласы Еңбекші аудандық Әділет  
басқармасында 2014 жылғы 16 қыркүйегінде заңды тұлға ретінде тіркеуде  
өтіп, №279-1958-22-МК санды күәлік алған, БСН070340010032.

**Мекен жайы:** Оңтүстік Қазақстан облыс, Шымкент қаласы, Еңбекші  
ауданы, Иляев көшесі, №142а үй. Банктік есеп айырысу «БанкЦентрКредит»  
АҚ-ның Шымкент қаласы бойынша филиалында ашылған, ЖСК  
KZ93856000003073607, БСК-КСКВКЗКХ.

**Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:** сыртқы мемлекеттік  
аудит.

**Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Үстеме тексеру жүргізуға  
тапсырма):** Оңтүстік Қазақстан облыс бойынша тексеру комиссиясының  
мүшесі Оразов Эбдісамат Файзуллаұлының аудиторлық іс-шара жүргізуға  
2017 жылғы 17 шілдедегі №9-221/18-Т тапсырмасы Қазақстан Республикасы  
Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыс бойынша басқармасында 2017  
жылдың 03 шілдесінде аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмасы (ЕРСОП)  
электронды түрдөтіркелген.

**Мемлекеттік аудитті Оңтүстік Қазақстан облыс бойынша тексеру  
комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман - мемлекеттік  
аудиторы М.Жәнібеков жүргізді.**

### Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес  
жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару;
- Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың  
тиімділігі;

0001553

**Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2016 жылдың 01 қаңтарынан 2016 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

**Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2017 жылдың 17 шілдесінен 2017 жылдың 11 тамыз аралығы.

**Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:**

Мемлекеттік аудит мемлекеттік аудит объектісінің басшысы Налибаева Рахима Кенжебековнаның келісімімен және бас есепші Коржова Виктория Анатольевнаның қатысуымен жүзеге асырылды.

Мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдары:

-бірінші қол қою құқығымен мемлекеттік аудит объектісінің басшысы қызметін Оңтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сактау басқарма басшысы М.Егізбаевтың 2017 жылғы 18 қаңтарындағы №17-ж/к бұйрығымен Налибаева Рахима Кенжебековна тағайындалып, атқаруда.

-екінші қол қою құқығымен мемлекеттік аудит объектісінің бас есепші қызметін қәсіпорынның басшысы М.Кокенованың 2012 жылғы 04 сөүірдегі №242-ж/к бұйрығымен Коржова Виктория Анатольевна тағайындалып, атқаруда.

**Жүргізіліп отырған мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:**

Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сактау басқармасының «№1 облыстық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық қазыналық қәсіпорынның қызметінің мәні мен мақсаты денсаулық сактау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, ал қызметінің мақсаты ана мен бала денсаулығын қорғау саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсету болып табылады.

**Бақылау мәселелері**

1. Бақылау жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-куйи, туындау себептері және оларды өтеу бойынша қабылданған шаралар.

2016 жылдың корытындысымен қәсіпорында мекемелермен есеп айырысу барысында дебиторлық қарыздар және кредиторлық қарыздар орын алған жоқ.

Кәсіпорында аудитпен қамтылған мерзімде дебиторлық және кредиторлық қарыздардың өндірудің талап мерзімдері өтіп кеткен қарыздар болмаған және дебиторлық қарыздарды жасыру фактілері, оларды есептен негізсіз шығару фактілері орын алмаған.

2. Бухгалтерлік есепті жүргізудің тиісті органдарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігі.

Кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығын аудит жүргізу барысында ҚР Қаржы министрінің 23.05.2007 жылғы "Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы" №185 бұйрығы қолданылған, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандығы «Бухгалтерлік есеп пен

қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №241 бұйрығының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы «Бастапқы есеп күжаттарының нысандарын бекіту туралы» №562 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №248 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну қағидаларының» талаптарын сақтаған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» №325 бұйрығына сәйкес тоқсандық, жылдық есептерін ОҚО денсаулық сактау басқармасына белгіленген мерзімде тапсырған. Бақылау барысында әрбір журнал ордеріндегі сандар бухгалтерлік есептегі сандармен сәйкес келеді.

Кәсіпорынның 2016 жылғы Даму жоспары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №249 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларына» сәйкес өзірленіп, кәсіпорынның 2012-2016 жылдарға арналған 2016 жылдың даму жоспарының жобасы Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сактау басқармасының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №898-Ө бұйрығымен бекітіліп «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ-ның Біріншай есептілік тапсыру жүйесіне (БЕТЖ-ECCO) 08.01.2016 жылы енгізіліп, №60385046 хабарландыру берілген.

Кәсіпорынның 2016 жылға Даму жоспарының орындалуы туралы есептер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №248 бұйрығымен «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну қағидаларына» сәйкес өзірленіп, 2017 жылдың 10 мамыр Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сактау басқармасының 2017 жылғы 10 мамырдағы №312 ш/к бұйрығымен бекітіліп «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ-ның Біріншай есептілік тапсыру жүйесіне (БЕТЖ-ECCO) 12.05.2017 жылы енгізіліп, №60627683 хабарландыру берілген.

Бюджет қаржатын үнемді пайдалану, енбек, қаржы және басқа ресурстарды пайдаланудың өнімділігі, аудит объектілеріне қойылған міндеттердің нәтижелілігі, бөлінген қаржы көлемдерін ескере отырып, жоспарлы көрсеткіштермен салыстыру бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізілген.

2016 жылы ОҚО денсаулық сактау басқармасы арқылы жалпы З бюджеттік бағдарлама бойынша 182 949,6 мың теңге жоспарланып, шығыс

И.Мажис

182 949,6 мың теңгені құраған. Атап айтқанда бюджеттік бағдарламалар бойынша келесі:

253 003 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 8 577,0 мың теңге жоспарланып, қазыналық шығыс 8 577,0 мың теңгені құраған.

253 033 «Денсаулық сақтау медициналық ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 14 778,0 мың теңге жоспарланып, қазыналық шығыс 14 778,0 мың теңгені құраған.

253 039 011 «Аудандық маңызы бар және аудандық денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде көрсетуі» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 594,6 мың теңге жоспарланып, қазыналық шығыс 159 594,6 мың теңгені құраған. Бұл қаражаттар келесі шығындарға жаратылған.

- қызметкерлердің айлық жалақысына 5 603,3 мың теңге бөлініп, толық игерілген.

Кәсіпорынның 2016 жылғы штат кестесі ОКО денсаулық басқармасының басшысы С.Пакеевпен мемлекеттік тапсырыс бойынша 683,0 бірлік бекітілген, оның ішінде дәрігерлер - 136,5 бірлік, орта буынды медициналық қызметкерлер - 301,75 бірлік, кіші буынды медициналық қызметкерлер - 158,75 бірлік, әкімшілік-шаруашылық бөлімшесі және басқа персонал - 86,0 штаттық бірлік.

- компенсациялық төлемдер бойынша 226,5 мың теңге бөлініп, толық игерілген;

- әлеуметтік салыққа 320,7 мың теңге бөлініп, толық игерілген;

- әлеуметтік төлемдерге 234,3 мың теңге бөлініп, толық игерілген;

- дәрі-дәрмек сатып алуға 156 933,9 мың теңге бөлініп, толық игерілген.

2016 жылы кәсіпорынға жеткізілген дәрі-дәрмектердің сертификаттары мен дәрігерлік жабдықтардың құжаттары және лицензиялары бар.

Мемлекеттік лицензия 2014 жылғы 10 қазанындағы № 6591182DX «фармацевтикалық қызметке» берілген.

- отын, жанаң-жагар май сатып алуға 77,0 мың теңге бөлініп, толық жаратылған.

- өзгеде көрларды сатып алуға 1 225,361 мың теңге бөлініп, толық жаратылған.

- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша 378,7 мың теңге қаралып, оның ішінде жылу беру үшін - 86,2 мың теңге, электр қуаты үшін - 250,9 мың теңге, сонымен қатар ауыз су қызметі үшін -41,6 мың теңге аударылған.

- байланыс қызметіне ақы төлеуге 230,4 мың теңге қаралып, 1 телефон нұктелеріне абоненттік төлем, интернетке жаратылған.

- өзгеде шығындар үшін 2 941,45 мың теңге бөлініп, толық жаратылған.

- өзге де негізгі құралдарды сатып алу үшін 14 778,0 теңге бөлініп, толық жаратылған.

3. Казимемлекеттік сектор субъектілерінің есеп шотында 2016 жыл сонында бюджет қаржысы есебінен пайдаланылмай қалған қаржылардың себептерін анықтау.

Кәсіпорында бюджеттік бағдарламалар бойынша 2017 жылдың 01 қаңтарына есеп шотында бюджет қаржысы есебінен пайдаланылмай қалған қаржы анықталмады.

**Мемлекеттік аудит жүргізу үшін кедергілер:**

Мекеменің лауазымды адамдары тарарапынан бакылау жүргізуге кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.

**Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қолданылмады.

**Қосымшалар:**

- 1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;
- 2) тиісті күжаттар.

**Тексеру комиссиясының қызметкері:**

**Мемлекеттік аудит болімінің  
бас маман-мемлекеттік аудиторы**

*N.Джаниш*

**М.Жәнібеков**

Аудиторлық есеп екі данада жасалды: №1 дана №0001552 «ОҚО бойынша тексеру комиссиясы» ММ; №2 дана №0001553 «Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сактау басқармасының №1 облыстық перинаталдық орталық» МКҚК.